



«Келісемін»
Мәртөк ауданының
білім бөлімінің басшысы:
Н.Д.Ашимов
«03» 09 2023ж.

«Бекітемін»
«Сарыжар ЖОББМ» білім
КММ директоры:
Н.Д.Муханов
«03» 09 2023ж.

**«Ақтөбе облысы білім басқармасы
Мәртөк ауданының білім бөлімі»ММ
«Сарыжар жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2023-2024 оқу жылындағы оқу жоспары**

2023 ж

**2023-2024 оқу жылындағы
«Сарыжар ЖОББМ» КММ оқу жұмыс жоспарына
арналған түсінікхат**

«Сарыжар жалпы орта білім беретін мектебі» КММ оқу үрдісінде оқу жылында екі ауысымда оқиды. I ауысымда 18 класс, II ауысымда 18 класс оқиды, барлығы 36 класс комплектісі бар.

Мектепте 3 мектепалды даярлық кластары бар. Олардың 1-І ауысымда, 2- II ауысымда оқиды.

1) мектепалды даярлық сыныптарында және 1-11-сыныптарда білім беру процесі:

- ❖ "Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 412 бұйрығына 13-қосымшасы, 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрығына 6,11,12-қосымшалар
- ❖ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі №125 бұйрығы;
- ❖ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқуағарту министрінің 2022 жылғы 23 қыркүйектегі № 406 бұйрығы.
- ❖ «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР БҒМ 2022 жылғы 23 қыркүйектегі №406 бұйрығы;
- ❖ ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 12 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары(2018 жылғы 10 қазандағы №556 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).
- ❖ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 12 мамырдағы № 195 бұйрығы
- ❖ «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 17 мамырдағы №217 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдары;
- ❖ "Цифрлық сауаттылық" пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашадағы бекітілген № 496 "ҚР Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы " бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады (2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына (188-2 к қосымша), 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына (4-қосымша) өзгерістер енгізілді.
- ❖ "Цифрлық сауаттылық " оқу пәні 2022 жылдың 1 қаңтарынан енгізілуіне байланысты 1,2,3-класс оқушыларына "Цифрлық сауаттылық " пәнін оқыту жалғасады.
- ❖ 1-2-сыныптарда «Көркем еңбек» кіріктірілген пәнінің орнына «Еңбекке баулу» және «Бейнелеу өнері» пәндерін жеке оқыту жалғасады.
- ❖ 2-сыныпта «Орыс тілі» пәнін оқыту енгізілді.

«10 «А», 10«Ә», 11 «А», 11 «Ә» кластары қоғамдық-гуманитарлық бағытымен, 10«Б», 11 «Б» кластары жаратылыстану-математика бағытымен оқиды.

**Бастауыш білім беру деңгейі бойынша вариативтік компонент
сағаттарын пайдаланады:**

1. 1 «А», «Ә», «Б», «В» кластарында «Қызықты математика»-1 сағаттан

Мақсаты: Баланың тұлғалық қасиеттерін: ақыл-ойын, сезімдерін, танымдық және шығармашылық қабілеттерін, ойлау әрекеттерін дамыту, оқушыларға математикалық білім, білік, дағдыларын игерту; есте сақтау, байқағыштық, танымдық іс-әрекеттерімен өздігінен білім алуға, ізденуге бейімдеу.

2. 1 «А», «Ә» кластарында «Ұлттық ойындар»-1 сағаттан

Мақсаты: Қазақстанның атақты спортшыларымен таныстыру, оларға еліктеу. Білім алушы бойына адами жақсы қасиеттерді сіңіріп, өз халқын, Отанын сүйетін азамат тәрбиелеу. Оқушылардың денсаулығын шыңдап, салауатты өмір салтын дәріптеу.

3. 1 «Б» класында «Ұлттық спорт ойындар»-1 сағаттан

Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындары сауықтыру жағынан ғана емес, ол-спорт, ол- өнер, ол- шаруашылық тәжірибелік маңызы бар тәрбие құралы. Қазақ халқының ұлттық ойындарын үйрете отырып, ойын арқылы әдет- ғұрыптардан деректер беру.

4. 1 «В» класында «Тоғызқұмалақ» -1 сағаттан

Мақсаты: Ұлттық өнерімізді әрі қарай дамыту, насихаттау; өсіп келе жатқан жасөспірімдерге үйрену, өз бетімен айналысуға баулу; балаларды логикалық ойлауға, математикалық ықшам сақтау әдістеріне үйрету; ойынға деген қызығушылықтарын арттыру арқылы қатысушылардың санымен, сапасын өсіру.

3. 2 «А», «Ә», «Б» кластарында «Қызықты математика»-1 сағаттан

Мақсаты: Баланың танымдық қызығушылығын арттыру, функционалдық қасиеттерін дамыту, шығармашылыққа бейім құзыретті тұлғаның дамуына, логикалық ойлауды қалыптастыру

4. 2 «А», «Ә», «Б» кластарында «Тіл дамыту» -1 сағаттан

Мақсаты: Оқушылардың дұрыс түсініп және мәнерлеп оқу, жазу дағдыларын жетілдіру, сөйлеу әрекетінің түрлерін (оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым) меңгерте отырып, логикалық ойлау мен танымдық шығармашылық қабілеттерін дамыту барысында зейіні мен байқағыштығына ықпал жасау, тіл байлығын және сөздік қорын байыту.

5. 2 «А», «Ә», «Б» кластарында «Асық ату» -1 сағаттан

Мақсаты: Ұлттық өнерімізді әрі қарай дамыту, насихаттау; өсіп келе жатқан жасөспірімдерге үйрену, өз бетімен айналысуға баулу; балаларды логикалық ойлауға, математикалық ықшам сақтау әдістеріне үйрету; ойынға деген қызығушылықтарын арттыру арқылы қатысушылардың санымен, сапасын өсіру.

6. 3 «А», «Ә», «Б», «В» кластарында «Қызықты математика»-1 сағаттан

Мақсаты: «Қызықты математика» үйірмесінің жұмысы арқылы баланың танымдық тапсырмалар шешу кезінде логикалық ой қорытуға, үнемі жұмыс жүргізу тапсырмалар орындау кезінде қажетті машықтық пен біліктілікті дамытуға көмектесу.

7. 3 «А», «Ә», «Б», «В» кластарында «Тоғызқұмалақ»-1 сағаттан

Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындары сауықтыру жағынан ғана емес, ол-спорт, ол- өнер, ол- шаруашылық тәжірибелік маңызы бар тәрбие құралы. Қазақ халқының ұлттық ойындарын үйрете отырып, ойын арқылы әдет- ғұрыптардан деректер беру.

8. 4 «А», «Ә», «Б» кластарында «Қызықты математика»-1 сағаттан;

Мақсаты: Оқушының логикалық ойлау қабілеттерін, математикалық білім, біліктерін шапшаң есептеу дағдыларын, зейіні мен есте сақтау қабілеттерін дамытып, қызығушылығы мен белсенділігін арттыру, өздігінен жұмыс жасауға баулу.

10. 4 «А», «Ә», «Б» кластарында «Тоғызқұмалақ»-1 сағаттан

Мақсаты: Тоғызқұмалақ теориялық білімінің талаптарын білу және тәжірибе жүзінде қолдану, мұғалімнің нұсқау кеңестерін пайдалана отырып, жаттығуларды өз беттерімен орындау. Қазақ халқының ұлттық ойындарын үйрете отырып, ойын арқылы әдет- ғұрыптардан деректер беру. Қазақстанның атақты спортшыларымен таныстыру, ұлттық спортты насихаттау.

Қазақстан Республикасы
Оқу -ағарту министрінің
2022 жылғы 9 қыркүйектегі
№ 394 бұйрығына
3-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 20 желтоқсандағы
№ 557 бұйрығына
3- қосымша

2023-2024 оқу жылына арналған мектепалды даярлық сыныбының оқу жоспары
(5 жастағы балалар)

№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізілу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме 0"А"	Аптадағы нормативтік жүктеме 0"Ә"	Аптадағы нормативтік жүктеме 0"Б"	Жылдық жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат	3 сағат	3 сағат	297
	Дене шынықтыру**	күн сайын				
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат	2 сағат	2 сағат	198
	Көркем әдебиет		2 сағат	2 сағат	2 сағат	198
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын				
	Қазақ тілі		2 сағат	2 сағат	2 сағат	198
	Қазақ тілі***	күн сайын				
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат	3 сағат	3 сағат	297
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	Күн сайын				
4	Математика негіздері		3 сағат	3 сағат	3 сағат	297
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекеті	күн сайын				
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат	2 сағат	2 сағат	198
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет зерттеу, іс-әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын				
6	Сурет салу		1 сағат	1 сағат	1 сағат	99
	Мүсіндеу					
	Жапсыру					
	Құрастыру					
7	Шығармашылық іс-әрекеті, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын				
	Музыка		2 сағат	2 сағат	2 сағат	198
	Музыка****	Күн сайын				
8	Барлығы		20 сағат	20 сағат	20 сағат	1980
9	Ұйымдастырылған іс – әрекетінің ұзақтығы	20-25 минут				